

«АТ» 12/ 2023 ж.
№ 1885 хатқа
қосымша



«ҒАСЫР ДАНАСЫ – ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

2024 жылдың 16 ақпан және 29 наурыз күндері көрнекті қайраткері, күллі түркі әлеміне танымал тұлға, ұлы ақын, ірі ғалым, философ, моральдық-этикалық ілімді насихаттаушы Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысуға шақырамыз.

Конференцияның мақсаты мен міндеттері

Қожа Ахмет Ясауи салған сара жолды өскелең ұрпаққа жеткізу, хикметтеріндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтердің тәжірибесін тарату, Өзбекәлі Жәнібековтің Ясауи мұрасын жандандырудағы еңбегін таныстыру, педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру.

Конференцияны ұйымдастырушылар

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицей» КММ, Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясауитану ғылыми-зерттеу институты, Түркістан облысы Білім басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ.

Конференцияға қатысушылар

Орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог, педагог-психологтар, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтері, ЖОО оқытушы-профессорлары, докторанттар, магистрлер, ғалымдар қатыса алады. Қатысушылардың жас мөлшері шектелмейді, педагогикалық өтілі ескерілмейді.

Қатысу тілі: қазақ, орыс, ағылшын, ұйғыр, өзбек тілдерінде.

Өткізу форматы: офлайн (тікелей көрсетілім), онлайн (сырттай, әлеуметтік желілер арқылы трансляциялау).

Конференцияның кезендері

I республикалық кезең 2024 жылдың 16 ақпан күні сағат 9.00-де (тіркеу 8.20-8.50) Астана қаласындағы «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицей» КММ-де (Абай көшесі 8) өтеді.

II халықаралық кезең 2024 жылдың 29 наурыз күні Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өтеді.

Конференция бағыттары (секциялар):

- ✓ Оқыту әдістемесі
- ✓ Оқытудағы инновация
- ✓ Педагогика және психология
- ✓ Оқу және тәрбие, отбасылық құндылық
- ✓ Зерттеулер

Карастыруға болатын үлгі тақырыптары:

- ✓ «Диуани хикмет» – рухани ескерткіш
- ✓ Қ.А. Ясауи еңбектерінің философиялық және тәрбиелік мәні
- ✓ Қ.А. Ясауидің педагогикалық көзқарасы
- ✓ Қ.А. Ясауидің мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану
- ✓ Қ.А. Ясауидің еңбектеріндегі адамгершілік, имандылық тәрбиесі
- ✓ Қ.А. Ясауи шығармаларының педагогикалық-психологиялық, рухани адамгершілік мәні
- ✓ Қ.А. Ясауидің шығармаларындағы ұлттық құндылық көрінісі
- ✓ Қожа Ахмет дүниетанымының мәні – адамның өзін-өзі тануы
- ✓ Қ.А. Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам
- ✓ Рухани құндылықтар және ұрпақ тәрбиесі
- ✓ Өзбекәлі Жәнібековтің Қожа Ахмет Ясауи мұрасын жандандырудағы қосқан үлесі
- ✓ Қ.А. Ясауи тұлғасы – түркі халықтары тұтастығының символы

Конференцияға қатысу тәртібі

1. Конференцияға ұсынылған мақалалар/баяндамалар авторлық, яғни қатысушының тікелей өзі дайындаған инновациялық педагогикалық тәжірибе нәтижесі бар болуы тиіс. Материалдардың тақырыбы жоғарыда көрсетілген бағыттарға мазмұндас болуы шарт. Мақала/баяндама тәжірибелік, әдістемелік сипатта және жалпыға танылған ғылыми дәлелдерге, әдептілік нормалар мен заңнамаға, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына қайшы келмеуі керек.

2. Конференцияға офлайн не онлайн қатысуға болады. Қатысушы жұмысын (баяндама/мақала) онлайн не офлайн форматта еркін түрде (TED форматында) қорғау үшін 4-5 минут беріледі. Қатысушылардың материалдары «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» жинағына электронды нұсқада жинақталады.

3. Конференцияға қатысу үшін қатысушы негізгі талапқа сай құжаттарды (Сұраныс (1-қосымшаға сай), мақала/баяндама, презентация,

қатысушының атынан төленген төлем түбіртегінің көшірмесі) көрсетілген электронды мекенжайға (konferentsiya@astana-modern.edu.kz) 2024 жылдың 30 қаңтарына дейін жіберу керек.

4. Ұйымдастырушылар көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін, плагиатқа тексеру барысында авторлық құқықты бұзған жұмыстарды қабылдамайтынын және кері қайтарылмайтынын ескертеді.

5. Барлық сұрақтар бойынша конференцияны ұйымдастырушылардың ұялы телефонына хабарласа аласыздар: Қарыбаева Гүлнар Сапарқызы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, +77773732499; Маман Жанар Сейтахметқызы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері, +77751178221.

6. Электронды пошта (konferentsiya@astana-modern.edu.kz) арқылы келіп түскен жұмыстар бойынша мазмұнына сараптама (2-қосымшаға сай критерийлер арқылы сарапталады) жүргізіліп, республикалық кезеңге қорғауға жіберіледі. Республикалық кезеңде қорғалған жұмыстарға қатысушылар **Google Форма** арқылы дауыс береді. Әр бағыт бойынша ең көп дауыс жинаған қатысушы халықаралық кезеңге жолдама алады.

Материалдарды баспаға ресімдеуге қойылатын талаптар:

- баяндама (мақала) мәтіні 4-тен кем, 5 парақтан (А4) артық болмауы керек және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек;

- парақтардың параметрлері: жоғарыдан – 2 см., төменнен -2 см., сол жағынан – 2,5 см., оң жағынан – 1,5 см.;

- шрифт: Times New Roman, кегл – 14, жол аралық – 1 интервалмен, жаңа жол – 0,9 см;

- бір жолдан кейін ортасынан баяндама тақырыбы (бас әріппен, қою шрифтпен) жазылып, төменгі жағына автордың аты-жөні, жұмыс орны, пәні, лауазымы, категориясы, атағы жазылады;

- бір жол тасталып негізгі жұмыс мәтіні жазылады;

- бір жол тасталып аннотация 3 тілде (қазақша, орысша, ағылшынша, әр тілдегі сөз саны 150-200-ден артық емес) жазылуы керек (Автор мақалада шешімін беретін мәселені, мақсаты мен зерттеу нәтижесін сипаттау қажет. Оқырманға құнды болатын бар өзектілігін көрсетуі тиіс);

- библиографиялық тізім мақаланың соңында алфавиттік ретпен беріледі;

- негізгі мәтін 3,5-4 парақ (А4), аннотация (3 тілді) және пайдаланылған әдебиеттер тізімі туралы ақпарат 1-1,5 парақ (А4) болуына мән беру;

- жұмысты электронды мекенжаймен жібергенде құжаттар (мақала/баяндама, презентация, қатысушының атынан төленген төлем түбіртегінің көшірмесі) автордың тегімен аталуы қажет.

Конференция тақырыбы мен мақала ресімдеудің талаптарына сәйкес келмейтін, сонымен қатар көрсетілген уақыттан кейін жіберілген материалдар ұйымдастырушылардың шешімімен жинаққа енгізілмейді.

Презентацияға қойылатын талаптар:

I. Жалпы:

1. Слайдты тым көп ақпаратпен толтырмаған абзал. Ең маңызды ақпарат слайдтың ортасына орналастырылғаны дұрыс. Негізгі ақпарат тезис, негізгі фразалар және графикалық ақпараттар (сызбалар, графиктер, суреттер және т.б.) түрінде болуы керек.

2. Слайдтағы ақпарат қысқа және түсінікті болуы шарт.

3. Слайдтар саны 7-10-нан аспауы керек.

4. Презентация көрермендерге сіздің ойыңызды, сөзіңізді толықтырушы, бағыт-бағдар беруші, тақырыбыңызды ашып түсіндіруші, сілтеп көрсетуші рөлінде болуын қадағалаңыз.

5. Слайдтардың эстетикалық тартымдылығына мән беріңіз.

II. Слайдтардың орналасу реті:

1. Әр слайд мәнді, тақырыпқа сай болуы шарт (титул, мақсаты мен міндеттері, негізгі ақпарат, қорытынды).

2. Титуль беті (тақырып, ұйым, жұмыс атауы, авторы, ұйымдастырушы ұйымдардың логотипі).

3. Кіріспе бөлім: 1 не 2 слайдтан тұрады (жұмыстың мақсаты мен міндеттері ашылуы, ойтүрткі, т.б.).

4. Негізгі бөлім: 3 не 4 слайд (негізгі ақпарат, тақырыптың ашылуы, ғылыми зерттеу, ой салу, тәжірибе көрсету, әдіс-тәсіл, т.б.).

5. Қорытынды бөлім (негізгі қорытынды түйінді ой).

Назарда ұстаңыз: сізді модератор тарапынан көпшілікке таныстыратындықтан, өзіңіз туралы мәліметті қайталамаған дұрыс. Сұрақтар барлық спикерлер сөйлегеннен кейін қойылады және талқыланады.

III. Қаріпті жобалау ережелері:

1. Мына шрифттерді пайдалану ұсынылады (Georgia, Palatino, Times New Roman).

2. Шрифт өлшемі: 24-54 кегль (тақырып), 20-36 кегль (қарапайым сөздер).

3. Курсив, астын сызу, қою және бас әріптерді негізгі ақпарат және тақырыптарда қолдану.

4. Қаріптің 2-3 түрін артық пайдалану ұсынылмайды.

IV. Түстерді таңдау, графика ережелері:

1. Слайдта 2-3 түстен артық қолданбауды қарастыру, негізгі мақсат – презентацияның жақсы оқылуына мән берген жөн;

2. Фонға ашық түсті таңдаған жөн (мысалы, ашық жасыл, ашық көк,

ашық қызғылт сары және ашық сары);

3. Шрифт түсі мен фон түсі қарама-қарсы болуы керек (мәтін оқуға оңай болуы қажет);

4. Сызбалар, фотосуреттер, диаграммалар көрнекі және мағыналы болуы керек;
5. Бір графикалық объектінің өлшемі слайд өлшемінен 1/2 аспайды;
6. Мәтін мен сурет арақатынасы – 2/3 (суреттерге қарағанда мәтін аз).

Қорытындысы

Конференцияның қорытындысы бойынша тыңдаушылар мен спикерлер Әдістемелік орталықтың атынан қатысқаны және тәжірибесін таратқаны үшін Сертификатпен марапатталады. Сертификаттардың электронды нұсқасы жіберіледі. Конференция материалдары PDF форматында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.kz> сайтында 1 айдың ішінде жарияланады. Халықаралық кезеңге өткен қатысушылар қосымша Алғыс хатпен марапатталады. Жинаққа UDC, LBC және халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индекстері беріледі.

Конференцияға қатысудың қаржылық шарттары:

Конференцияға қатысу, баяндаманы жинақта жариялау, ақылы (офлайн қатысу құны – 4000 тг, онлайн қатысу құны – 2000 тг құрайды, қатысушы республикалыққа онлайн, халықаралыққа офлайн қатысқысы келсе, немесе керісінше, офлайн қатысатындықтан екі жағдайда да 4000 тг төлейді). Төлемдерді кез келген банк бөлімшелерінде, Қазпочтада төменде берілген Kaspi Bank шот нөміріне жіберу қажет. Төлем міндетті түрде конференцияға қатысушының атынан жүргізілуі тиіс және банктің комиссиясы жіберушінің есебінен жүзеге асырылады. Сонымен бірге телефон арқылы Kaspi Bank қосымшасымен төлем жасауға болады.

Тіркелу жарнасының деректемелері:

Компания: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Мекенжайы: Қазақстан, Астана, Қабанбай батыр 33.

БИН (ИИН): 070540006188

Банк: АО «Kaspi Bank» КБе: 16

БИК: CASPKZKA

Шот нөмірі: KZ42722S000006089425

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы С. Дауешоваға
(мектеме атауы, мекеме басшысынан)

СҰРАНЫС

Ахмет Ясауи аuidiң туғанына 930 жыл толуына арналған «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының республикалық кезеңіне қатысуға рұқсат етуіңізді сұраймын.

1	Қатысушының аты-жөні, тегі: (құжат бойынша толық жазылуы керек)	
2	Лауазымы, пәні	
3	Жұмыс орны (ресми атауымен толық жазу)	
4	Қатысу түрі (офлайн/онлайн)	
5	Мақаланың/баяндаманың тақырыбы	
6	Конференцияның бағыты	
7	Байланыс номері (ватсап номері)	
8	E-mail	

Мақаланы бағалау критерийлері:

1. жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі (өзіндік жаңа идея, технология, әдіс-тәсіл немесе біреудің авторлық идеясын кеңейтудің, апробациядан өткізудің, оның әдісі мен технологиясы тиімділігінің дәлеліндегі жаңа нұсқа ұсынуы);
2. өзектілік (нәтижелердің маңызды ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге жарамды болу мүмкіндігі);
3. тәжірибелік (мақалада тәжірибелік іс-әрекетті көрсету, мақалада тәжірибе алмасу тәсілдерінің болуы);
4. мақала/баяндама мазмұнының педагогикалық талапқа, мақсаттар мен міндеттерге, бағыттарға сай келуі;
5. әдіскерлік (мақаладағы ұсыныстардың санымен және пайдалылығымен анықталады);
6. педагог қызметкерлердің тәжірибе барысында креативтілігі, өзіндік элементтер мен нысандарды қолдануы;
7. дәлелдемелік (дәйексөздердің сенімділігімен, тұжырымдардың дәлелділігімен, статистикалық нәтижелердің болуымен және оларды интерпретациялаудың дәйектілігімен анықталады).